

Ардагерлермен кездесті

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Елбасының "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында студент-жастардың ардагерлермен кездесуі өтті.

Кездесуді институт ректоры Сейітбек Қуанышбаев ашып, басқосудың басты мақсаты – жан жақтан келіп оқып жатқан жастарды қала тарихымен кеңінен таныстыру екендігін тілге тиек етті.

Арқаның жас қаласы Арқалыққа биыл – 63 жыл. 1956 жылдың шілде-тамыз айларында осынау шексіз далаға Ригадан алғашқы құрылыс салушы комсомолдардың екі тобы келген болатын. Олар



Арқалық қаласының іргесін қалап, тарих жолын бастады.

Қаланың бай тарихын студенттермен кездесуге келген ардагерлер абыз ақсақал Орекен Алматов, қала-

ның байырғы тұрғыны Қайырден Жиенбаев, тарихшы Шөптібай Байділдиндер кеңінен әңгімелеп, жастардың қойған сұрақтарына жауап берді.